АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ
ШОРТАНБАЙ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГ
ӘКІМІ

АКИМ
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ШОРТАНБАЙ
КУРМАНГАЗИНСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

28 қаңтар 2026 жыл
Шортанбай ауыл

№ 6-Ө
село Шортанбай

Тауарлар мен қызметтерді тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабының 3 тармағының 1, 3, 6, 25, 28, 31 тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының 507 тармағына сәйкес:

1.Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен тауарлар мен қызметтерді сатып алу үшін заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алу өткізілсін:

1) Энергиямен жабдықтауға байланысты электр энергиясын сатып алу;
2) Таза суға ақы төлеу бойынша қызметтер;
3) Табиғи газ қызметтері;
4) Көше жарығын электр энергиясымен қамтамасыз ету бойынша қызметтер;
5) Мемлекеттік мүлік тізілімі дерекқорын үздіксіз қолжетімді қамтамасыз ету бойынша қызметтер;
6) Әмбебап Smart Bridge жүйесімен Е-қызмет ақпараттық жүйесі арқылы СКУД қолжетімділігін бақылау жүйесін интеграциялау бағдарламалық қамтамасыз етуді техникалық қолдау қызметтерін көрсету;

2.Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға келісім шартқа отыру үшін қажетті барлық әрекеттерді орындау статист Н.Избатыровқа тапсырылсын.

3.Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдау қағидаттардың сақталуына дербес жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Округ әкімі **М.Гумаров**